

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК кезектен тыс жиналысының
№ 07**

ХАТТАМАСЫ

Шорнақ ауылы

26.09.2023

Төраға: Қарабаев Нұрсұлтан Жансейтұлы – Басшының орынбасары
Хатшы: Абубакирова Лаззат

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы.

Төрағалық етуші Н.Қарабаев: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерін енгізу туралы үлгілік ережесі бекітіліп, соған сәйкес кәсіпорында комплаенс-офицері қызмет атқаруда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу және алдын алу болып табылатынын айтты.

Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылғанын және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізілуі және таныстырылуы туралы айтты.

Жиналыс барысында туындаған мәселелер жан-жақты талқыланды, қызметкерлер қойған сұрақтарға нақты жауап берілді.

Жиналыс төрағасы Н.Қарабаев жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы



Н.Қарабаев

Хатшы



Л.Абубакирова